

**Жанат Егинбаевич Титановтың «Солтүстік Қазақстан жағдайындағы абердин-ангус ірі қара мал тұқымы үшінші генерациясының бейімділік қасиеті және өнімділігі» тақырыбындағы докторлық диссертациясына реєсми рецензенттің жазбаша пікірі**

p/h №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Реєсми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді: "Агробизнес 2020" Қазақстан Республикасының агроенеркеспіттік кешенін дамыту бағдарламасы отандық мал шаруашылығын дамытуды және ет, сүт және басқа да мал шаруашылығы өнімдерін тиімді өндіруді көздейді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс ҚР АШМ 217 "Ғылымды дамыту" бюджеттік бағдарлама жобасының аясында, 102 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" бағдарламасы шенберінде "Қазақстанның солтүстік өңірі жағдайында импортталған етті малдың үшінші генерациясының бейімделуі және өнімділік сапасы" тақырыбы бойынша орындалған (мем.тіркеу №0118PK00736).</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған.	Автордың жеке үлесі жұмыстың теориялық және тәжірибелі ғылымдағы жүзеге асырудан, әдеби деректерді талдаудан, имортталған абердин-ангус тұқымы ірі қара малының үшінші генерация төлдерінің бейімделу қасиеті және өнімділік көрсеткіштерін Солтүстік Қазақстан жағдайында анықтаудан, қорытындысын жазып, өндіріске ұсыныстар ұсынудан тұрады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Автордың өзіндік үлесі имортталған етті бағыттағы абердин-ангус ірі қара мал тұқымының 3 генерация төлдерінің Солтүстік Қазақстан жағдайына бейімделу мүмкіндігін негіздеуде және олардың өнімділік көрсеткіштерін анықтаудын көруге болады. Зерттеу жұмысының барлық ғылымдағы мазмұны сәйкестендірілген. Алынған корытындылар мен ұсыныстар теориялық-әдіснамалық негізге сүйене отырып, сенімді және нақты жазылған.

			Жануарларды жерсіндіру тарихынан өсірудің жаңа экологиялық жағдайларына әкелінген жануарлардың біркелкі өмір сүруі және көбеюі мүмкін екені белгілі, алайда олар ерекше өнімді-биологиялық қасиеттерін жоғалтуы мүмкін. Сондықтан ғылыми-зерттеу жұмысының бағыты Солтүстік Қазақстан жағдайында абердин-ангус тұқымы малының өнімділігінің жоғары генетикалық әлеуетін іске асырудың барынша мүмкін болатын нәтижелерін алу мақсатында малдың иморттық тұқымдарын жерсіндірудің ғылыми негіздерін әзірлеуге негізделеді.
4.	Iшкі бірлік принципі	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды;	Диссертацияның мазмұны жұмысқа сәйкес құрастырылған, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толық көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;	<p>Солтүстік Қазақстан жағдайында шетелден әкелінген европалық және канадалық селекциядан алынған абердин-ангус тұқымының үшінші генерациясы төлдерінің өнімділік сапасы мен жергілікті жағдайға бейімділік қасиетін анықтау.</p> <p>1. Импортталған етті бағыттағы абердин-ангус тұқымынан алынған генерация ұрпақтарының құрылымын ажыратып, дene бітімі және өнімділігі мен азықтандыру ерекшеліктерін зерттеу;</p> <p>2. Еуропалық және канадалық екінші генерация құнажындарының клиникалық - физиологиялық көрсеткіштері мен көбею қабілеттілігін зерттеу;</p> <p>3. Екінші генерация сиырларының аналық инстинктілігін және төлдердің этологиясын, сут өнімділігін, сүтінің құрамын зерттеу;</p> <p>4. Еуропалық және канадалық сиырларынан алынған үшінші генерация төлдерінің физиологиялық жетілуін, өсіп-даму ерекшеліктерін, клиникалық-физиологиялық және гематологиялық көрсеткіштері мен табиги резистенттілік жағдайын анықтау;</p> <p>5. Ушінші генерация төлдерінің ет өнімділігін, етінің морфологиялық</p>

			<p>құрамын, сойыс сапасын анықтау;</p> <p>6. Үшінші генерация төлдерін бағып-күтудің экономикалық тиімділігін анықтау, зерттеу нәтижелеріне өндірістік талдау жасау және өндіріске ұсыныстар әзірлеу.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сынни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері өзара байланысқан, ішкі бірізділік сақталған, ғылыми ақпаратмен диссертация мазмұны сәйкестендірілген.</p> <p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырғанда бағаланады, зерттеу нәтижелері дәлелді, шетелдік және отандық ғалымдардың қазіргі зерттеулерін сілтеме жасалған, сынни талдау бар.</p> <p>«Способ определения холодоустойчивости мясного скота»</p> <p>Өнертабысқа патент алынды. №34735. 27.11.2020</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>1. Алғаш рет Солтүстік Қазақстан жағдайында Еуропадан және Канададан әкелінген етті бағыттағы абердин-ангус тұқымы малының үшінші генерация үрпақтарының бейімделушілік және өнімділік қасиеттері зерттелді.</p> <p>2. Еуропалық және канадалық екінші генерация күнажындарының клиникалық - физиологиялық көрсеткіштері мен көбею қабілеттілігін зерттелді.</p> <p>3. Екінші генерация сиырларының аналық инстинктілігін және төлдердің этологиясын, сүт өнімділігін, сүтінің құрамын зерттелді.</p> <p>4. Үшінші генерация төлдерінің ет өнімділігін, етінің морфологиялық құрамын, сойыс сапасын анықталды.</p> <p>5. Үшінші генерация төлдерін бағып-күтудің экономикалық тиімділігін анықтау, зерттеу нәтижелеріне өндірістік талдау жасау және өндіріске ұсыныстар әзірленді.</p>

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;	Автордың диссертациялық жұмысында берілген әр түжырым және қорытынды жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;	Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне жету үшін қойылған технологиялық басқару шешімдері жаңа әрі негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындыларғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген	Диссертациялық жұмыстар бойынша жасалынған түжырымдар мен қортындылар диссертанттың жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарынан алғынған нәтижелері бойынша жасалынған. Әдеби дерек көздеріне жасалынған сілтемелер нәтижелері де тақырып аясында жасалынған.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>7.1 – дәлелденді 7.2 – жоқ 7.3 – ия 7.4 – орташа 7.5 – ия</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының</p>	Зерттеу әдіснамасын тандау негізделген және диссертацияның тиісті бөлімінде толықтай сипатталған. Диссертациялық жұмыста зерттеудің жалпы қабылданған әдістері қолданылған.

		<p>нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p>	<p>компьютерлік технологиялары қолданылған. Атап айтқанда биометрикалық өндеу арнайы Microsoft Office Excel бағдарламасымен өндөлген.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занымалықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған</p> <p>1) ия;</p>	<p>Теориялық эксперименттік дәлелденген қорытындылар зерттеулермен және расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған</p>	<p>Диссертация жұмысындағы маңызды мәлімдемелер пайдаланылған әдебиеттер тізімінде көрсетілген әдебиет көздеріне сілтемемен расталады.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті</p>	<p>Диссертациялық жұмыс жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 122.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Колда бар аналогтар бойынша ұсынылған өндірістік әдістердің ұзак уақытты экологиялық тәжірибелерді іске асыру, ғылыми-өндірістік және ғылыми тәжірибенің бұрын соңды Қазақстанда жүргізілмеген. Кешенді зерттеу абердин-ангус етті ірі қара тұқымының үшінші генерациясын жерсіндіру ерекшеліктері тәжірибелеңгілі отырған технологияның Солтүстік Қазақстан жағдайында бірінші рет жүзеге асырылды.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері шетелден әкеleiініп жатқан асылтұқымды абердин-ангус тұқымы малының үшінші генерация үрпақтарының Қазақстанның солтүстік өңірінің суық климаттық жағдайына бейімделу мүмкіндіктерін объективті</p>

			бағалауға және олардың бейімделу қабілеттілігін арттыру әдістерін күрастыруда және теориялық негіздеуде қолданылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1. Солтүстік Қазақстан өңірінің қатаң климаттық жағдайына импортталған aberdin-ангус түкімы ірі қара малының генетикалық әлеуетін жақсарту бойынша кейбір физиологиялық көрсеткіштерін ескеріп, селекциялық асылдандыру жұмыстарды жүргізу үшін канадалық селекциядан алынған малдарды қолдану ұсынылады. 2. Импортталған жануар төлдерінің бейімділік қасиетін анықтау барысында, олардың сұрыққа төзімділік көрсеткіштерін анықтау үшін келесі тенденциялық қолдану ұсынылады: $K_a = T_d : 39,1 + T_J : 31 + JCSJ : 84$
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Диссертация авторының еңбегінде аталған еңбекке үқсас сипатта жазылған басқа автордың еңбектерін сілтемесіз пайдалану жағдайлары байқалмайды. Диссертацияны жазу барысында академиялық адалдық сақталған.

### Қорытынды:

1) Докторант Титанов Жанат Егинбаевичке 6D080200 «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру үшін Комитетке өтінім жасаймын.

### Ресми рецензент:

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
«Тамақ өндірісі және биотехнология»  
кафедрасының доценті, ауыл шаруашылығы  
ғылымдарының кандидаты



Аубакиров Х.А.